

# Ілияс Есенберлин атындағы №67 гимназиясы сынып жетекшілердің әдістемелік отырысы

Хаттама №2

Күні: 25.11.2024ж.  
Қатысушылар: 1-11 сынып жетекшілері

## Күн тәртібі:

- 1, 5-сыныптардың бейімделу кезеңі- педагог-психологтар
2. Мектептегі әлеуметтік санаттағы отбасы балалары туралы мәлімет- әлеуметтік педагогтер
3. Күзгі каникул іс-шарасы – тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары

Тыңдалды:

## БІРІНШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ МЕКТЕП ӨМІРІНЕ БЕЙІМДЕЛУІНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ.

Педагог-психологы Турсунова Баглан Хазреталиевна 1сынып оқушыларымен "Сәлем, менің мектебім!" тақырыбында психологиялық түзету-дамыту жұмысын жүргізді. Мақсаты: Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық жайлы көңіл-күй сыйлау мен оқушыларға психологиялық көмек беру. Оқушылар тренингке белсенді қатысып, көңіл -күйлері көтерілді.

<https://www.facebook.com/share/v/mEsf6aZ5k1TYC8cA/>



Педагог-психологы Толеубаева Жанагул Багдатовна 1«Ж» сынып оқушыларына балалардың зейін тұрақтылығы мен есте сақтауды, сөйлеу тілін дамытуды, интеллектуалды және шығармашылық дамуды жетілдіру мақсатында нейро жаттығулар жасатты. Оқушылар жаттығуды қызығып жасады. Жалпы миды дамытуға арналған жаттығуларды үздіксіз орындау арқылы баланың ойлау, есте сақтау қабілетін, зейінін дамытамыз, шығармашылық қабілетін ашамыз. Сол себепті оқушыларға үйде осы көрсетілген жаттығуларды қайталап отыру керектігі айтылды.

<https://www.facebook.com/share/v/pKEQTnra9e6qVeYX/>



Мектептегі бірінші жыл - бала өміріндегі күрделі өзгерістерге бетбұрыс кезеңі. Оның қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны өзгеруде, психоэмоционалды жүктеме мен жауапкершілік артады. Баланың оқу процесіне жеңіл бейімделуін қамтамасыз ету мақсатында гимназияның педагог-психологы Турсунова Баглан Хазреталиевна 1 сынып оқушыларымен тренинг жаттығуларын ұйымдастырды.

<https://www.facebook.com/share/v/v7JaNHXNfsBGoKxp/>



Педагог – психолог мамандары Толеубаева Жанагуль Багдатовна , Серікқанова Ақерке Жеңісқызы 5 сынып оқушыларының өз-өздерін тануға, психологиялық- педагогикалық көмек көрсету, оқушылардың бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі алғашқы сезімдерін, көңіл-күйін, сыныптың ұжымдастығын, психикалық ерекшеліктерінің дұрыс қалыптасуына ықпал тигізу мақсатында «Біз біргеміз» тақырыбында 5 сынып оқушыларына тренинг өткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/3MdBnQFZxwqgNUse/>

Гимназияның педагог-психологы Турсунова Баглан Хазреталиевна бесінші сынып оқушыларының бойындағы эмоционалды қысымды шығару, орта буынға бейімделуіне қолдау көрсету, өз-өзіне сенімділік деңгейін арттыру, мұғалімді қабылдау, баланың бойындағы қасиетін ашу мақсатында «Біз және біздің мұғалімдеріміз» тақырыбында 5 «А» сынып оқушыларына тренинг өткізді. Сынып жетекші Айшуақ Нурғалиқызының қатысуымен өткізілген тренинг оқушыларға жақсы әсер қалдырды. 5 сынып оқушылары тренинг барысында өз ұстаздарын жақсы көретіндерін, сабақты түсінікті және қызықты етіп өткізетінін айтып, ұстаздарына ыстық лебіздерін, алғыстарын плакатқа сурет салу арқылы жеткізді.

<https://www.facebook.com/share/v/WwbbnNcTFPAKxV67/>



Педагог -психологы Турсунова Баглан Хазреталиевна адаптация кезеңіндегі 5 сынып оқушыларының алаңдаушылығын анықтау мақсатында 5 сыныптың сабақтарына ену арқылы оқушыларды бақылады. Содан кейін барып, 5 Г сынып оқушыларына орта буында (орта мектепте) оқу жағдайына бейімделу кезеңінде психо-педагогикалық қолдау көрсету мақсатында «Алақай, мен 5 - сыныпта оқимын!» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында 5 сынып оқушысының жаңа әлеуметтік статусы туралы түсінігін дамыту, өзінің мүмкіндіктеріне және жетістіктерге ұмтылуға деген дұрыс қатынас қалыптастыру, басқалармен тату өмір сүрудің қажеттілігін және өзара түсіністіктің маңызды екендігін түсіндірді. Тренинг барысында «АРТ терапиясы» қолданылды.

<https://www.facebook.com/share/v/Xr7xSaF9RDmf2Ldi/>



2. Гимназияның әлеуметтік педагогтері А. Алжаппарова және Г. Нұртай 2024 жылдың қыркүйек айындағы сыныптардың әлеуметтік паспортын таныстырды 1-11 сыныптардан әлеуметтік паспорты google таблица мен және 130 бұйрыққа сәйкес электронды құжатпен жинақталды. Барлық сыныптардағы санаттарға жататын оқушылар мен отбасылары туралы толық ақпараттар алынды. Сыныптардағы толық емес отбасылар тізімі, көмекке мұқтаж отбасылар тізімі жасалды. Барлық ақпараттар жинақталып I жарты жылдық бойынша мектептің әлеуметтік картасы жасалды.

#### **Мектептің әлеуметтік паспорты**

Барлық оқушылар - 2338 оқушы

#### **Отбасы түрі бойынша:**

Толық отбасылар - 1973

Толық емес отбасылар - 365

Анасы жоқ балалар - 13

Әкесі жоқ оқушылар - 352

Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар-949

Аз қамтамасыз етілген отбасы -61

Жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар- 5

Мүгедек балалар, мүмкіндіктері шектеулі балалар- 27

4. Директордың тәрбие жұмыс жөніндегі орынбасары Г. Оналбаева 2024 жылдың 30 желтоқсан -08 қаңтар 2024ж. аралығында қысқы каникул іс-шаралар туралы таныстырып, сынып жетекшілердің орындалған жұмыстары әлеуметтік желіге жарияланып отырғанын мәлімдеді.

### ЖОСПАРЫ

	<b>Жұмыстың мазмұны</b>	<b>Өткізілу мерзімі</b>	<b>Жауаптылар</b>
1.	«Жеке қауіпсіздік» оқушыларды қысқы қауіпсіздік ережелерімен таныстыру	23-27.12.2024.	1-11 сынып жетекшілері
2.	«Қысқы табиғат» әңгіме құрастыру. Бейнеролик түсірілім- 1-2 сыныптар	03-06.01.2025.	1-2 сынып жетекшілері
3.	«Балалар кітапханасы» жобасы аясында Kitar.kz онлайн кітапхана 2-6 сыныптар	30.12-08.01.	Кітапханашылар, 2-6 сынып жетекшілері
	«Қысқы ертегі» онлайн сурет көрмесі 3-4 сыныптар	03-06.01. 2025	3-4 сынып жетекшілері
4.	«Ұлттық ойын- ұлттық қазына» 5-7 сыныптар	03-06.01.2025	Дене тәрбиесі мұғалімдері
5.	«Жетістігім-еліме қосқан үлесім» бейнеролик 5-11 сыныптар	03-06.01.2025	Ж. Оразалина, мектеп парламенті
6.	«Мектеп парламентінің І-жартыжылдық жұмысының есебі	06.01.2025.	Б. Молдаш, мектеп парламенті
7.	Салауатты өмір- денсаулық кепілі» спорттық ойындар	03-06.01.2025	Дене тәрбиесі мұғалімдері
8.	Астана-мәдениет пен өнер ордасы танымдық сағаты	03-06.01.2025.	7-10 сынып жетекшілері

Хатшы: Б. Молдаш